



«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқармасының
2018 жылғы қыркүйек 20 шешіміне (№56 хаттама)
№1 Қосымша

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ
АҚШАСЫ ТУРАЛЫ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ**

*(20.08.2019 ж. жағдай бойынша өзгерістермен, Басқарманың № 82 шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар
06.09.2019 ж. бастап қолданысқа енгізілді)*

Алматы қаласы, 2018 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартының Жалпы талаптары (бұдан әрі – Жалпы талаптар) «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (бұдан әрі - Банк) Басқармасының шешімімен бекітілген және Салымшы мен Банк арасында 2016 жылғы 1 қарашаға дейін (оның ішінде электронды санды қол қоюды пайдалана отырып, электронды нысанда) және/немесе салымшы, Банк және үшінші тұлғалар арасында, сондай-ақ Банктің агенттері арқылы жасалған, Жалпы талаптарға сілтемесі бар, әрбір тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады.

1.2. Салымшының шотына Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген минималды көлемдегі ТҚЖ салымы түскен және толық көлемде Комиссиялық алым төленген күннен бастап Шарт жасалынды деп есептеледі.

1.3. Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған осы Жалпы талаптардың талаптарымен Салымшы өз бетінше танысады. Жалпы талаптарға Шарт аясында қосылған барлық Салымшылар үшін Жалпы талаптар бірдей.

Шартқа өзгертулер енгізу кезінде Банк Салымшыға, Банктің ішкі құжаттарымен және Қазақстан

Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Жалпы талаптардың №1 Қосымшасына сай нысан бойынша Банкте ТҚЖ Салымының бар екендігі туралы Сертификат (әрі қарай- Сертификат) береді/бағыттайды.

1.4. Шарт, Жалпы талаптар, сондай-ақ оларда ескертілген қосымшалар, Банк қабылдаған/тіркеген өтініштер, Сертификат, нысандар/үлгілер, және басқа да құжаттар бірыңғай құқықты құжаттарды өзімен ұсынады және бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Банк қызметтерді көрсетуі және банктік өнімдерді ұсынуы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және Тарифтеріне сай Шарт аясында жүзеге асырылатынына Банк және клиент сөзсіз келіседі.

1.5. Жалпы талаптар, сондай-ақ Сертификаттың нысаны Банктің Интернет-ресурсында орналастырылады.

2 Тарау. Негізгі ұғымдар

2.1. Осы Жалпы талаптарда келесі терминдер, анықтамалар және шартты қысқартулар қолданылады:

1) **Банк Агенті** – тиісті шарт (келісім) негізінде Банкке агенттік қызмет көрсететін заңды және жеке тұлға (Кеңесші).

Кеңесшілер тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі, Банк ұсынатын өнімдер, Банк пен Салымшы арасында жасалатын тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт талаптары бойынша кеңестер, олардың жасалу және орындалу тәртібі туралы ақпараттарды беру, сондай-ақ, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт нысанын рәсімдеу (алғашқы толтырылуын) және оларға ұсынылатын құжаттарды және оларды Банкке жіберу және өзге де ілеспелі қызметтерді Салымшыға (әлеуетті Салымшы) ұсынып, Банкке агенттік қызметтер көрсетеді.

Агент-заңды тұлғалар кеңесшілер көрсететін агенттік қызметтерден басқа тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттарды жасау және рәсімдеу, Банк пайдасына төлемдер қабылдау және өзге де ілеспелі қызметтер бойынша агенттік қызметтер ұсынады. Банк Салымшысы Банкке тиісті жазбаша сауал жолдап, Банк агенттері туралы ақпараттар алуға құқылы.

2) **Банктік заем** – мерзімділік, ақылық, қайтарымдылық, мақсатты пайдалану және қамтамасыз етілу шарттарында банктік заем шартына сәйкес Банктің Клиентке беретін ақшалай қаражаттары;

3) **Жарна** – Ұсынылатын ай сайынғы жарна, Міндетті ай сайынғы жарна;

Ұсынылатын ай сайынғы жарна – Шарт жасалған күнге шарттық соманың пайызы түрінде есептелетін тұрғын үй құрылыс жинақтарын жинақтау бойынша ай сайынғы жарна.

Салымшы Ұсынылатын ай сайынғы жарнаны өз қалауынша сала алады, жинақтау кестесі болмайды.

Міндетті ай сайынғы жарна – Салымшы алдын ала тұрғын үй заемы бойынша жүзеге асыратын, тұрғын үй құрылыс жинақтарын жинақтау бойынша тіркелген ай сайынғы жарна.

Жарна мөлшері туралы ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында клиенттің жеке кабинетінде немесе Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы алуға болады;

4) **Салымшы** - үй құрылысы жинақ банкімен тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт жасасқан жеке тұлға;

5) **ТҚЖ Салымы** – Шарт талаптарына сәйкес Банкте ашылған салымшының жинақ шотына Салымшы немесе үшінші тұлғаның салған ақшасы;

6) **Сыйақының жылдық тиімді мөлшері** – Қазақстан Республикасы заңнамасының және сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес есептелген шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі.

ТҚЖ Салымы бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептегенде Шарт жасағаны үшін Комиссиялық алым сомасы ұсталады.

7) **Шарттық сома** - салымшыға тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін қажет, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасынан және тұрғын үй заемынан тұратын ақша сомасы. Шарттық соманы Салымшы Шартқа қол қою кезінде өзі белгілейді;

8) **Тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы** - тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі мен мемлекеттің сыйлықақысы есептелген тұрғын үй заемын алу үшін Салымшының Банкте жинақтаған ақшасы;

9) **Тұрғын үй заемы** - Шарттың және Шарт бойынша таңдалған тарифтік бағдарлама талаптарына

сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында тұрғын үй заемы шартына қол қою арқылы салымшыға берілетін нысаналы заем;

10) **Өтініш** - Клиент толтыратын және Банкке беретін және оферт түріндегі Банкке Клиенттің ұсынатын түрлі ұсыныстары кіретін арнайы үлгі (Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерден шегінетін өтініш, ТҚЖ Салымы бойынша параметрлерді өзгертуге арналған өтініш және т.б.).

11) **Интернет-ресурс** - www.hcsbk.kz мекенжайы бойынша Интернет желісіндегі Банктің ресми ақпараттық ресурсы;

12) **Клиент** – банктік қызметтерді қолданушы немесе банктік қызметтерді пайдалануға ниетті жеке тұлға;

13) **Кодтық сөз** – Шарт жасау кезінде Клиент тағайындайтын және Клиент Банкке ауызша немесе Интернет-банкінг жүйесі арқылы жүгінген жағдайда Клиентті сәйкестендіру үшін қажет құпия сөз.

14) **Комиссиялық алым** – Шарт жасау қызметтері үшін Клиенттің Тарифтер бойынша Банкке төлейтін ақша сомасы.

15) **Банк комиссиясы** - Клиенттің Тарифтер бойынша Банкке төлейтін ақша сомасы, соның ішінде банктік қызметтерді бергені үшін Комиссиялық алым.

16) **Жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшері** - тұрғын үй және аралық тұрғын үй заемын алу үшін Жалпы талаптарда анықталған ақша;

17) **Бағалау көрсеткіші** - Шарт талабымен және Шарт бойынша таңдалған Тарифтік бағдарламасына сәйкес шарттық сомаларды төлеу кезектілігін қалыптастыру үшін әрбір Шарт бойынша Банк айқындайтын есептеу шамасы;

18) **ТҚЖ салымының параметрлері** – ақпараттары ТҚЖ салымының бар екендігі туралы сәтификатта сипатталған, Салымшы/Клиент таңдайтын Тарифтік бағдарламаны сипаттайтын көрсеткіштер;

19) **Аралық тұрғын үй заемы** – тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында жинақталған ақшаның қажетті Төменгі көлемін жинақтау талабымен Заемшыға Банк ұсынатын мақсатты заем, Қазақстан Республикасының заңнамасына, ДБанктің ішкі құжаттарына және банктік заем шартының талаптарына сәйкес тұрғын үй құрылыс жинақтары мәселесі жөніндегі шарт бойынша шарттық сома есебінен төленетін қалдық;

20) **Алдын ала тұрғын үй заемы** – шарттық соманы алғанға дейін негізгі қарызды өтеу талабынсыз, тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында шарттық сома шегінде Банктің Заемшыға ұсынатын мақсатты заемы, Қазақстан Республикасының заңнамасына, ДБанктің ішкі құжаттарына және банктік заем шартының талаптарына сәйкес тұрғын үй құрылыс жинақтары мәселесі жөніндегі шарт бойынша шарттық сома есебінен төленетін қалдық;

21) **Өкіл** – анық үшінші тұлға-салымшының атынан, соның ішінде кәметет жасқа толмаған баланың атынан Банкпен ТҚЖ Шартын жасасқан жеке тұлға (Заңды өкіл/асырап алушы/қамқоршы/сенімді тұлға);

22) **Мемлекеттің сыйлықақысы** - Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы» Заңына сәйкес республикалық бюджеттен жыл сайын бөлінетін және жыл қорытындылары бойынша салымның жинақталған сомасына есептелетін ақша және тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің сыйақысы. Сонымен қатар, салым бойынша тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасындағы Мемлекет сыйлықақысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын Салымшыларға ғана төленеді.

Мемлекет сыйлықақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде және талаптарда төленеді.

23) **ТҚЖ Салымын растайтын сертификат (Сертификат)** – ТҚЖ Салымының параметрлері көрсетілетін, Банктің электронды сандық қолтаңбасы қойылған, Салымшыға Банк ұсынған (жіберген) (соның ішінде, Банктің бланкісіндегі электронды құжаттың қағаздағы көшірмесі түрінде) және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Электронды құжат (Банк бекіткен нысанда –осы Жалпы талаптардың №1 Қосымшасы);

24) **Интернет-банкінг жүйесі** – Шартқа сәйкес Интернет–ресурс арқылы Интернет Желісінің көмегімен Электронды банктік қызметтерді ұсынуға жол беретін Банктің бағдарламалық кешені (бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда);

25) **Шот** – ТҚЖ Салымы есепке алынатын және ол бойынша операциялар көрінетін Шарт талаптарына сай ашылған Банктегі банктік жинақ шоты;

26) **Тариф** – Банк қызметтерін көрсеткені үшін Комиссиялар мөлшерін, сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін, сондай-ақ, Банк қызметтерін көрсету талаптарын анықтайтын Банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ, Тарифтік бағдарламалар жиынтығы;

27) **Тарифтік бағдарлама** – ТҚЖ Салымы бойынша сыйақы мөлшерлемелерін және жинақтау мен кредит берудің басқа да талаптарын, сондай-ақ Банктің комиссиялық алымдарының мөлшерін айқындайтын Банктің ішкі құжаты.

28) **Электронды банктік қызметтер** – төлем қызметтерін және ақпараттық банктік қызметтерді алу үшін қашықтан кіру мүмкіндігі жүйесі арқылы клиенттің өз банктік шотына қолжетімділігіне қатысты қызметтер;

29) **Электронды құжат** – электронды-сандық түрде берілген ақпаратты қамтитын және сәйкестендіруші құралдармен куәландырылған Интернет-банкінг жүйесінде жіберуші (Клиент либо Банк) жасаған және жасалғаннан кейін оған енгізілген бұрмалау және/немесе өзгертулер жоқ, Электронды банктік қызметтерді алуға арналған құжат.

3-тарау. Шарттың мәні

3.1. Банк Салымшы үшін ұлттық валюта – теңгемен тұрғын үй құрылыс жинақ үшін Шот ашады, Шотқа Банктің сыйақысын аударады және Шарт талабына сәйкес Салымшы Банктен Банктік заемды кейінгі алу

құқығымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте республикалық бюджеттен алынған мемлекеттің Сыйақысын есептейді, сондай-ақ Салымшының Интернет-банкинг жүйесі арқылы қашықтықтан қызмет көрсетуін жүзеге асырады.

3.2. Банк ТҚЖ Салымын қабылдайды және оны Шартпен және Сертификатпен белгіленген талаптармен Шотта орналастырады.

3.3. ТҚЖ Салымына билік ететіндер:

- 1) Салымшы;
- 2) Салымшы өкілдері – тиісті жолмен рәсімделген сенімхат негізінде/ заңды өкілдер, қамқоршы – олардың уәкілеттілігін растайтын құжаттар негізінде;
- 3) Салымшы қайтыс болған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Салымшының мұрагерлері;
- 4) Сот шешімімен басқа тұлғалар.

3.4. Шарт бойынша Салымшының тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасын жинақтау кезеңінде Банк Сертификатта көрсетілген, Салымшы таңдаған тарифтік бағдарламаға сәйкес мөлшерлеме бойынша ТҚЖ салымшының сыйақысын төлейді.

Ақша қажетті деректемелерді көрсетумен бірге Банкке келген кезде Шотқа енгізілген болып есептеледі.

Алғашқы кезекті тәртіпте Шотқа ақша түсім сомасынан бұрын төленбеген комиссиялық алым сомасы ұсталады.

3.5. Шарттық сома (Тұрғын үй заемы және жинақталған ақша сомасы) Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде және тәртіпте Банк Салымшыға төмендегі санамаланған барлық талаптар сақталғаннан кейін береді:

- 1) Салымшы Жинақ ақшаның ең төменгі қажетті мөлшерінен кем емес ақша сомасын Шотына жинау;
- 2) бағалау көрсеткішінің ең төменгі мәніне жету, бірақ ТҚЖ шартын жасағаннан кейін 3 (үш) жылдан ерте емес;
- 3) Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Тұрғын үй заемын қажетті қамтамасыз етуді беру;
- 4) Тұрғын үй заемын өтеуге байланысты Клиенттің төлем қабілеттілігін растау.

3.6. Тұрғын үй заемы, Аралық тұрғын үй заемы және Алдын-ала тұрғын үй заемы «Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылыс жинақтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Салымшының тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі шараларға ғана пайдаланылуы мүмкін.

3.7. ТҚЖ салымшы және/немесе Банктік заем бойынша Банк есептеп қосатын сыйақыны есептеу кезінде жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, ай 30 (отыз) күнге тең қабылданады.

Банктік заем бойынша сыйақы Банктік заемдарды пайдаланудың нақты күніне есептеледі.

ТҚЖ салымдары бойынша сыйақы Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жылдың қорытындысы бойынша ТҚЖ Салымшының нақты жинаған қалдығына есептеледі.

3.8. Бағалау көрсеткішін есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$BK = \frac{\sum_{i=1}^n E (Vi + Pi + Gi) * \% * Ti}{ШС/1000},$$

БК - бағалау көрсеткіші;

Vi – i-ші төлем (салым) мөлшері;

Pi - есептелген сыйақы сомасы;

Gi - есептелген мемлекеттік сыйлық сомасы;

% - салым бойынша банктің сыйақы мөлшерлемесі;

Ti - төлемді (салым) енгізу сәтінен бастап бағалау көрсеткішін есептеу сәтіне дейінгі кезең;

I, n - төлемдердің (салымдар) реттік номері;

ШС - шарттық сома.

Бағалау көрсеткішін есептеу үшін ай - 30 (отыз) күнді, тоқсан - 90 (тоқсан) күнді, жыл - 360 (үш жүз алпыс) күнді құрайды.

Бағалау көрсеткішінің мәні салымшы төлемдерді өз мерзімінсіз (ретсіз) жүзеге асыру кезінде немесе төлемдер төлемнің енгізу сомасынан төмен, жинақтаудың ағымдағы барлық мерзімінде төлемдерді (салым) енгізу біркелкі...

Бағалау көрсеткішінің мәні салымшы жинақтаудың алғашқы баспалдағына мерзімінен бұрын төлемдерді жүзеге асыру кезінде өсіріледі.

Бағалау көрсеткішінің мәні жинақтау мерзімі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көбірек болады.

Бағалау көрсеткішінің мәні салым мөлшері бойынша азаймалы жүзеге асыру кезінде неғұрлым жоғары (жинақтаудың алғашқы жылында жоғарыдан кезектегі ең төменге дейін) салымдар бойынша өршімелі жүзеге асыру кезінде (алғашқы жылындағы ең төменнен кезектегі ең жоғарғыға дейін) болып табылады.

3.9. ТҚЖ салымын жинақтау мерзімі Салымшы таңдаған және Шартта көрсетілетін Тарифтік

бағдарлама аясында білгеленеді, ТҚЖ салымын жинақтау мерзімі өтіп кеткен кезде, Салымшы Тұрғын үй заемын алғанға дейін жинақтау мерзімі ұзартылған болып есептеледі.

4-тарау. Салымшы мен Банктің құқықтары мен міндеттері

4.1. Шарт талаптарына сәйкес, Банк:

1) Салымшыға тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасындағы салым бойынша Салымшыға салым бойынша Шот ашуға, Салымшының пайдасына қолма-қол енгізілген және/немесе қолма-қол емес тәртіпте аударылған (тікелей немесе Агент арқылы) ақшаны қабылдауға және оларды Салымшының Банктегі Шотына есептеуге;

2) Шартта белгіленген мөлшерде Шотта нақты жинақталған ақшаның сомасына Банктің сыйақысын есептеуге;

3) мемлекеттің сыйлықақысы Банкке түскен жағдайда оны Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес Салымшының Банктегі Шотына есептеуге;

4) Шартта көзделген жағдай орын алған кезде Салымшының өтініші негізінде сыйақы мөлшерлемесі бойынша мөлшерде және Шартта көрсетілген мерзімге, Салымшымен банк заемы туралы шарт жасау арқылы Салымшыға тұрғын үй заемын беруге. Тұрғын үй заемын беру шарттық соманы (жинақтау ақша сомасы және тұрғын үй заем сомасы) берумен бірге жүзеге асырылады;

5) Банкке Салымшыдан ТҚЖ салымы бойынша оған салым және есептелген сыйақы сомасын төлеу туралы өтініші (Шартты бұзу) түскен кезде, Банк Салымшыға Салымшыдан тиісті талап (өтініш) түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей ТҚЖ салымын беруге міндетті. Сонымен қатар, Салымшы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы Шартта белгіленген талаптарға сәйкес салымды 3 (үш) жылдан астам жинаған кезде мемлекеттің сыйлықақысын алуға құқылы. Салымшының төленетін соманы алуға келмеуі Банктің өз міндеттерін бұзуы болып есептелмейді;

6) Салымшы осы ақпарат үшін Банкке өтініш жасаған кезде Салымшыны оны есептеу тәртібімен таныстыра отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте тұрғын үй заемын төлеу кезектілігін айқындау мақсатында, Шарт бойынша бағалау көрсеткішінің есебін жүзеге асыруға;

7) Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасы заңнамасымен сәйкес, Салымшының алдында өзге де міндеттемелерді орындауға;

8) Қазақстан Республикасындағы салықтық резиденттікті растайтын құжатты Банкке ұсыну кезінде Жалпы талаптардың 4.3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес ұсталған жеке табыс салығы сомасын қайтаруды жүргізуге міндеттенеді.

(09.11.2018 жылғы №74 БШ 4.1. тармақ 8) тармақшасымен толықтырылды)

4.2. Салымшы:

1) Шарт талаптарына сәйкес жинақ ақшаның ең төменгі қажетті сомасын жинау үшін Шотқа ұлттық валюта-теңгеде (тікелей немесе Агент арқылы) ақша енгізуге (қолма-қол немесе қолма-қол емес тәртіпте);

2) Шартта көзделген тәртіпте Банкке Тарифтер бойынша комиссияны төлеуге;

3) Шарт жасаған кезде, шарттық соманы немесе есептелген сыйақымен бірге салым сомасын алған кезде, заем алған кезде Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген, тиісті тәртіпте рәсімделген барлық қажетті құжаттарды беруге;

4) Салымшының деректемелері (тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, телефоны, ЖСН және басқа да жеке деректері), сондай-ақ салықтық резиденттік мәртебесі өзгерген кезде ағымдағы 10 (он) күнтізбелік күнде Банкке жазбаша хабарлайды. Сонымен қатар, тегі, аты, әкесінің аты және ЖСН өзгерген кезде, Банк ТҚЖ Салымы бойынша переметрлерді өзгертуге Салымшының берген өтініші негізінде Салымшыға оның тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН және басқа да жеке деректері бойынша өзекті деректемелері көрсетілген Сертификатты береді (жібереді);

(4.2. тармақтың 4) тармақшасымен БШ 09.11.2018 ж. № 74 келесі редакцияда баяндалсын)

5) Кодтық сөзді кез-келген үшінші тұлғаларға жарияламауға; салдарынан Кодтық сөз үшінші тұлғаларға қолжетімді болуы мүмкін деректерді Салымшы белгілеген кезде, сондай-ақ, Салымшы Кодтық сөзді оның кінәсінен үшінші тұлғаларға жариялаған жағдайда, Кодтық сөзді жаңа сөзге ауыстыру мақсатында Салымшы Банкке осы деректің туындағаны туралы тез арада хабарлауға міндетті. Сонымен қатар, Банк Кодтық сөзді үшінші тұлғалардың жариялауына /алуына себеп болған салдар үшін жауапкершілік арқаламайды;

6) Шотқа ақшаны қате аударған жағдайда, бұл туралы Банкке тез арада хабарлауға;

7) Клиенттің төлем міндеттерін Банктің дұрыс емес орындамағанын осындай орындаулар басталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке хабарлауға;

8) Банктен алынған барлық ақпараттарды, соның ішінде хабарлама мен үзінді-көшірмелерді тез арада тексеруге; Егер Салымшы қандай да бір нақсыздықты, дұрыс емес және/немесе толық емес орындауларды байқаса, рұқсат етілмеген банктік операциялардың бар екендігін байқаса, ол жедел түрде бұл туралы банкке жазбаша түрде 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға;

9) сенімхат негізінде Шотты басқаратын уәкілетті тұлғаны ауыстырған жағдайда немесе олардың уәкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, тиісті сенімхат өзгертілген немесе жойылған 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл туралы тез арада жазбаша түрде хабарлауға;

10) Шарт талаптарына және Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес Банк алдында басқа да міндеттемелерді орындауға.

11) (24.01.2019 жылғы №6 БШ-ның 11) тармақша алынып тасталды)

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жалпы талаптардың 4.3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Банктің жеке табыс салығының ұсталуын болдыртпау мақсатында, Қазақстан Республикасындағы салықтық резиденттікті растайтын құжатты ұсынуға міндеттенеді.

(09.11.2018 жылғы №74 БШ-мен 4.2. тармақ 11), 12) тармақшасымен толықтырылды)

4.3. Банк:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес республикалық бюджетке қайтарылуға жататын Мемлекет сыйлықақы сомасын тікелей дебеттеу арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымшының кез-келген Банктегі кез-келген шотынан алуға;

2) Салымшының алдын ала келісімінсіз біржақты тәртіпте Шарт талаптарына, Тарифтік бағдарламаларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда өзгертулерді енгізуге;

3) Салымшыға Шоты(-тары), ол бойынша операциялар туралы мәліметтерді, сондай-ақ кез-келген ақпараттық материалдарды (соның ішінде ескертулер) байланыстың ашық каналдары бойынша, ал егер Салымшы Банктің сауалына бастамашылық етсе онда байланыстың осындай каналдары бойынша Интернет-банкінг Жүйесі арқылы беруге (соның ішінде SMS-банкінг, e-mail, факс, және т.б.) немесе операцияның қауіпсіздігі деңгейін арттыру мақсатында Банк сәйкесінше хаттың бағытталуының мақсатқа сәйкестігін Шоттар бойынша қарастырады. Салымшы осы Шартқа қол қою арқылы Банк Шоттар бойынша ақпараттарды беруі үшін Банкке ресми жазбаша келісімін береді және Шарттың осы тармағына сәйкес байланыстың ашық каналдары бойынша Банк жіберген ақпараттарды үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелі барын сезінетінін растайды және осындай тәуекелдерді өзіне қабылдауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекет сыйлықақысының төленуін жүзеге асыруды қоспағанда, тұрғын үй құрылыс жинақ шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, салым 3 (үш) жылдан кем жинақталған болса, мемлекет сыйлықақысына есептелген Банк сыйақысының күшін жоюға;

5) Депозиттік қызмет көрсету операцияларын жүзеге асыруға (ТҚЖ Салымдарын бөлу, қосу, Шарт бойынша құқықтарды және міндеттемелерді шегіну, Шарт бойынша кепілді талап ету құқығын), сондай-ақ, ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлерін өзгертуге келісім беруде бас тартуға;

6) Салымшының Шотына қате есептелген оның кез келген банктегі кез келген шотынан ақша сомасын Шартпен белгіленген тәртіпте алуға;

7) Аралық тұрғын үй тзаемын, Алдын ала тұрғын үй заемын беруден бас тартуға;

8) Шотта 1 (бір) жылдан аса ақша болмаған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымшының Шотын жабуға;

Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделуі негізінде Салымшының Банкке төлеген Банк Комиссияларының барлық сомасы қайтаруға жатпайды.

9) Егер Банк клиенттің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп болжауға негіздері бар болса Шартты орындаудан бас тартуға;

10) Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында Клиентті сәйкестендіруге қажет ақпаратты немесе құжаттарды Клиент ұсынбаған кезде Шартты орындаудан бас тартуға;

11) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамамен көзделген жағдайда және басқа да жағдайларда, бұл туралы клиентке Өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша түрде ескерте отырып Шартты бұзуға және Жоғарыда көрсетілген Ескертуді Клиентке жіберуден 10 (он) жұмыс күні өтіп кетуі бойынша біржақты соттан тыс тәртіпте Шотты жабуға;

12) Тарифтерді орнатуға және Банктің Комиссияларын өндіруге. Сонымен қатар, Салымшы Тарифтер туралы ақпараттарды алуға;

13) Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің Қазақстан Республикасындағы өз резиденттігін растамауы жағдайында, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің ТҚЖ Салымы бойынша сыйақыны капиталдандыру сомасынан жеке табыс салығы сомасын ұстауға **құқылы**.

(09.11.2018 жылғы №74 БШ-мен 4.4. тармақ 13) тармақшасымен толықтырылды)

4.4. Салымшы:

1) Шоттың жай-күйі туралы толық ақпарат алуға;

2) Банктің келісімімен депозиттік қызмет көрсету операцияларын (ТҚЖ Салымдарын бөлу, біріктіру, ТҚЖ шарты бойынша құқықтар мен міндеттемелерді шегіну), ТҚЖ шарты бойынша талап құқықтарының кепілін жүзеге асыруға, сондай-ақ Шарт талаптарын өзгертуге;

3) Шарт туралы жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшерін жинап, бағалау көрсеткішінің қажетті мәніне жеткен кезде (таңдалған Шарт туралы тарифтік бағдарламада көзделген) Шартта көзделген сыйақы мөлшері және мерзімі бойынша сомасындағы тұрғын үй заемын беру туралы өтінішімен Банкке хабарласуға (Шарт бойынша таңдалған тарифтік бағдарлама). Бұл ретте, Банк талаптарына сәйкес төлем қабілеттілігін қамту және бекіту міндетті болып табылады;

4) жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшерін жинаған, бірақ бағалау көрсеткішінің қажетті мәніне жетпеген жағдайда, Банкке аралық тұрғын үй займ беру туралы өтінішпен жолдануға құқылы. Банктің талаптары және аралық тұрғын үй заемының талаптарын Банк қосымша белгілейді, бұл ретте аралық тұрғын үй заемын беру Банктің міндеті болып табылмайды, Банк бос ақшаның болмауы себебін қоса, кез келген негіздер бойынша аралық тұрғын үй заемын беруден бас тартуға;

5) Банктік заемен алуан бас тартқан ТҚЖ салымын және есептелген сыйақыны алуға құқылы. Мұндай жағдайда мемлекет сыйлығын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда ғана алуы мүмкін болады;

6) Шоттан ақшаның дұрыс алынғандығын растайтын құжаттар көшірмесін Банктен талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Шартқа сәйкес туындайтын құқықтар мен міндеттері шегінетіні туралы (әрі қарай-шегіну туралы өтініш) Банкке өтініш беруге;

8) Банктің Комиссияларының көлемімен танысуға, соның ішінде ТҚЖ Салымы бойынша параметрлерді өзгертуге;

9) Қазақстан Республикасындағы салықтық резиденттікті растайтын құжатты Банкке ұсынумен Жалпы талаптардың 4.3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес ұсталған жеке табыс салығы сомасын қайтару туралы өтінішпен Банкке хабарласуға құқылы.

(09.11.2018 жылғы №74 БШ-мен 4.4. тармақ 8) тармақшасымен толықтырылды)

5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

5.2. Салымшы Шарттың барлық талаптарын орындаған жағдайда, егер Салымшы Шарт бойынша құқықтарын Салымшы басқа тұлғалардың пайдасына өткізбеген және/немесе кепілге берілмеген жағдайда, Банк Салымшыға Тұрғын үй заемен бермеген жағдайда, Банк Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауап береді, сондай-ақ, Салымшыдан талап түскен сәттен бастап, 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей тұрғын үй құрылыс жинақ салымын беруге міндетті.

5.3. Тараптар Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемелер бұзылғаны үшін жауапкершілік арқаламайды. егер ол дүлей күштің: су тасқыны, зілзала, апат, табиғи апаттар, қоршауда қалу, ереуіл, әскери іс-әрекеттер, ылаңкестік әрекеттері және Тараптар күні бұрын болжап біле алмайтын және Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер еткен басқа да жағдайлардың ықпалынан орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Мұндай дүлей-күш жағдайларына сондай-ақ, электр қуатының өшуі, байланыс торабының ақаулануы, Банктің немесе Салымшының кінәсі болмаған жағдайда үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері жатады.

5.4. Техникалық бұзылулар болған жағдайда (электр қуат беру және байланыс желілері өшіп қалса/бұзылса, Банктің бағдарламалық қамтамасыз етулері мен дерек қорлары бұзылса, төлем жүйелеріндегі техникалық бұзылулар), Банкке қатысты емес себептерге байланысты туындаған және Банктің хабарламаларын және шоттар бойынша есептерді/үзінді-көшірмелерді Клиенттің уақтылы алмағаны немесе мүлде алмағаны, сондай-ақ Банктің бақылауында тұрған және Шарт талаптарын Банктің орындамауын тудырған басқа жағдайларда Банк мүліктік жауапкершіліктен босатылады.

5.5. Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың Шот, ағымдағы шот, Шоттағы ақшаға тыйым салу, ағымдағы шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімі/қаулысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаларды даусыз (акцептісіз) тәртіпте төлету құқығына ие үшінші тұлғалардың нұсқаулары келіп түскен жағдайда, Шарт бойынша өз міндеттерін орындамауына/тиісінше орындамауына, соның ішінде Шотқа ақша есептеу мүмкін еместігіне де Банк жауапкершілік алмайды.

5.7. Сонымен қатар, Шоттан ақшаны Салымшының келісімінсіз алу, Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату және Шотта тұрған ақшаға тыйым салу: құжаттардың тиісінше жолмен рәсімделуі негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайда, тәртіпте жүргізіледі. Банк осындай жағдайларда Салымшы арқалаған шығындар үшін жауапкершілік алмайды.

6-тарау. Құпиялылық

6.1. Салымшы және Банк Шарт бойынша қаржылық, коммерциялық, өзге де ақпараттарды қатаң құпиялықта сақтаулары міндетті.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген міндеттемелер Банктің (Банктің таңдауы бойынша, қағаз бетінде, сондай-ақ электронды тасымалдағышта кез келген тәсілмен) банк құпиясын, қаржылық, коммерциялық және Шарт бойынша өзге де ақпаратты ашуға, беруге рұқсат етілетін келесі жағдайларда қолданылмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға, соттарға, мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына, сондай-ақ, банк омбудсменіне мәліметтерді ұсыну;

(6.1. тармақтың 1) тармақшасымен №31 БШ-мен 29.03.2019 жылғы келесі редакцияда баяндалсын)

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген аудиттің әр алуан түрін жүргізу кезінде аудиторлық ұйымның мәліметтерін ұсыну;

(6.1. тармақтың 2) тармақшасымен №6 БШ-мен 24.01.2019 жылғы келесі редакцияда баяндалсын)

3) Салымшы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тұлғаға берген жағдайда мәліметтер беру;

4) Салымшыларды тарту және Банктің Салымшылардың алдындағы міндеттерін орындау мақсатында Банк пен ұйым арасында жасалған ынтымақтастық келісім-шартының (болашақта жасалатын) негізінде осындай ұйымдарға (Банктің Агенттеріне) – тек Салымшыға мұндай ұйымдар Банктің атынан қызмет көрсетсе ғана (көрсетілуі мүмкін) мәліметтер беру;

5) Банктің азаматтық-құқықтық шарттар (келісімдер) аясында, соның ішінде ақпараттық жүйелерді/деректер базасын интеграциялау мәселелері бойынша өзара әрекеттесетін үшінші тұлғаларға (соның ішінде мемлекеттік органдарға, мекемелерге, ұйымдарға) мәліметтерді ұсыну.

(6.1. тармақтың 5) тармақ №6 БШ-мен 24.01.2019 жылғы келесі редакцияда баяндалсын)

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге жағдайларда.

(6.1. тармақ БШ-мен 01.08.2019 ж. № 76 өзгертілді)

7-тарау. ТҚЖ Салымдары бойынша талаптарды және параметрлерді өзгерту және Шартты бұзу тәртіптері

7.1. Шартқа өзгертулер енгізу ТҚЖ Салымдары бойынша параметрлерді өзгерткен, Жалпы талаптарды өзгерткен жағдайды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа жағдайларды қоспағанда, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімге Тараптардың қол қоюы арқылы жазбаша түрде рәсімделеді,

Банк ТҚЖ салымы бойынша параметрлерді өзгертуді Салымшының Өтініші негізінде жүзеге асырады. Банк Өтінішті қабылдау/тіркеу кезінде және Салымшыға Сертификатты беру кезінде Шарт өзгертілген болып табылады.

7.2. Салымшы қол қойған Өтініш Шартта белгіленген тәртіпте Салымшы Шарттағы өзгертулерді ешқандай ескертусіз және қарсылықсыз растайтынын куәландырады.

7.3. Банк Салымшымен алдын ала келісімсіз біржақты тәртіпте Жалпы талаптарға өзгертулер енгізуге құқылы.

7.4. Салымшы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға, ТҚЖ Салымын және Банктің ТҚЖ Салымдары бойынша есептелген сыйақысын Салымшы таңдаған Тарифтік бағдарлама аясында орнатылған сыйақы мөлшерлемесі бойынша алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттің Сыйлықақысын алуға құқылы.

Банк Шартты бұзу кезінде Тарифтерге сәйкес Комиссияларды өндіруге құқылы.

7.5. ТҚЖ Салымдары бойынша Сертификатта басқа Тарифтік бағдарламаға ауысу түрінде көрінетін параметрлерді өзгерту Салымшы Шарт бойынша таңдаған Тарифтік бағдарламаның талаптарымен рұқсат етілген жағдайда ғана мүмкін болады. Сонымен қатар, Банк Сертификатта көрінетін ТҚЖ Салымының параметрлерін әр түзеткені үшін Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген Комиссияны өндіріп алуға құқылы.

7.6. Салымшы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Банк Шартты нақты бұзған күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Салымшыға бұл туралы жазбаша ескерте отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

7.7. Банк Жалпы талаптардың өзгергені туралы мұндай өзгеріс күшіне енгенге дейін 10 (он) күннен кешіктірмей, Банк бөлімшелерінде немесе Банктің Интернет-ресурсына ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды.

7.8. Салымшы Жалпы талаптардың өзгертілген редакциясымен келіспеген жағдайда, ол Шарттың өзгертілген редакциясы орналастырылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Шартты бұзуды талап етуге құқылы. Егер Шартты бұзу бойынша көрсетілген талап ету мерзімінде Банкке келіп түспесе, осы жағдай Шарттың жаңа (өзгертілген) редакциясымен Салымшының келіскенін және енгізілген өзгертулерді есепке ала отырып, толығымен оған қосылғанын білдіреді.

Жалпы талаптардың бұрын әрекет еткен барлық талаптары Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Жалпы талаптардың жаңа редакциясы күшіне енген күннен бастап өз әрекеттерін тоқтатады.

7.9. Банк тарапынан Шартты бір жақты бұзу және Шотты жабу - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамамен көзделген жағдайлар басталған кезде жоғарыда көрсетілген Ескертуді Клиентке жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өтуі бойынша, Клиентке тиісті Ескертуді жіберу арқылы жүзеге асырылады.

8-тарау. Басқа талаптар

8.1. Шығыс операцияларын тоқтату, Шоттағы ақшаға арест салу, Салымшының Шотынан ақша сомасын мәжбүрлі түрде (Салымшының келісімінсіз) алуды Банк Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте іске асырады.

8.2. Тұрғын үй құрылыс жинақ ақшаларын кепілдеу Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтай отырып, Банкпен алдын-ала жазбаша келісілген жағдайда ғана мүмкін.

8.3. 14 (он төрт) жасқа дейінгі кәмелетке толмаған Салымшыға тиесілі Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді беру және/немесе Шартты бұзу бойынша операцияларды рәсімдеген кезде, ондай келісім заңнамалық актілер мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес талап етілмеген жағдайды қоспағанда, жанашыр және қамқоршы органның келісімін беру қажет.

8.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асырушы ТҚЖ салымына ұйым кепілдік берген.

8.5. Осы Шартты жасай отырып, Салымшы кәсіпкерлік, қорғаушылық, жеке меншік нотариатты қызметпен, сондай-ақ жеке меншік сот орындаушысының қызметімен байланысты операцияларды іске асырмайтындығын растайды.

8.6. Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Комиссиялық алымды төлемеген жағдайда, Шарт автоматты түрде және толық бұзылған болып есептеледі.

8.7. Салымшы Шарт жасаса отырып, оның ағымдағы және/немесе жинақ шотына келіп түскен ақшадан Банкке Банктің комиссия сомасын ұстап қалуға, сондай-ақ Салымшының Шотына қате есептелген ақшаны кез-келген банктегі оның кез-келген шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте өндіріп алуға келісімін/рұқсатын береді.

8.8. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында Тараптардың арасында келіспеушіліктер орын алған жағдайда, Тараптар дауларды сот тәртібінен тыс шешу үшін барлық шараларды қолдануға міндетті. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулы жағдайлар бас кеңсенің мекенжайы бойынша немесе Банктің аумақтық бөлімшелері бойынша – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, талапкердің қалауы бойынша қаралады.

Тараптардың бірі қайтыс болған жағдайда (қайта құрылса), Шарт бойынша Тараптардың құқықтары және міндеттері олардың мұрагерлеріне (құқықты мирасқорға) ауысады.

8.9. Салымшы заңнамада және Жалпы талаптарда көзделген жағдайларда және тәртіпте Шарт бойынша банктік құпияны ашуға Банкке келісімін береді.

8.10. Салымшы Шартқа қатысты талаптар, акциялар және т.б. туралы Салымшы Банкпен байланыс жасау мақсатында жазбаша көрсеткен телефон(-дар) нөмірі(-лері) бойынша, соның ішінде sms- хабарламалар жолымен жазбаша хабар/хабарлама жіберу жолымен Банктің өзіне хабар/хабарлама жіберуіне келісім береді. Банктің ондай телефон(-дар) нөмірі(-лері) бойынша, sms- хабарламалар жолымен берген ақпараттары Шартқа қол қоюмен білдірілген Салымшының келісімімен берілген болып танылады.

8.11. Шартқа қол қоя отырып, Салымшы Шартта көзделген құпия сөзді хабарлаған/көрсеткен кезде Банктің қашықтықтан қатынасу арқылы Банкке ауызша өтініш жасау кезінде, сондай-ақ Интернет-банкинг жүйесі арқылы Клиенттің өтініш жасауы барысында Шарт талаптары, Шотқа жарналардың түсуі және Шоттың жағдайы туралы ақпараттарды беруіне келісімін береді.

Құпия сөзді үшінші тұлғаларға бергені үшін, сондай-ақ Интернет-банкинг жүйесінде Банктен жауап алу үшін дұрыс емес деректемелерді бергені үшін немесе деректемелерді үшінші тұлғаларға бергені үшін жауапкершілік Салымшыға жүктеледі;

8.12. Шартқа қол қоя отырып, Салымшы/Өкіл Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес Салымшы/ Өкіл мен Банк, Банк пен үшінші тұлғалар арасында банктік және (немесе) басқа қызмет көрсетуге байланыстылар қосылатын, бірақ мұнымен шектелмейтін кез келген құқықтық қатынастардың туындауына, оның ішінде келешекте туындауына байланысты Жалпы талаптардың №2 қосымшасында тізімі көрсетілген жеке деректерді жинауға және өңдеуге Банкке өз келісімін береді. Салымшының/ Өкілдің осы келісімінің негізінде Банк өз қалауына орай жеке деректерді үшінші тұлғаларға, уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге, сондай-ақ жеке деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыруға құқылы. Салымшының/ Өкілдің қолданылу мерзімі шексіз осы келісімді қайтарып алуға құқығы жоқ.

8.13. Жалпы талаптар әрқайсысы бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылық болған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

9-тарау. Қашықтан Электронды банктік қызмет көрсету жүйесі *(9-тарау 24.01.2019 жылғы №6 БШ -мен келесі редакцияда баяндалсын)*

9.1. Осы бөлім «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ электронды банктік қызметтерге қосылу шарты (бұдан әрі - Шарт) болып табылады және Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Банк пен Клиент арасындағы өзге құқықтық қарым-қатынастарды белгілейді, Интернет-банкинг жүйесі арқылы Банктің Клиентке электронды банктік қызметтерді көрсетуінің, Клиенттің интернет-банкинг жүйесі арқылы операцияларды жүргізуінің және Клиентті осы жүйеге қосу кезінде Интернет-банкинг жүйесімен байланысқан қосымша қызметтерді ұсынуының талаптары мен тәртібін анықтайды,

Банк басқармасының шешімімен бекітілген және Банктің интернет-ресурсына орналастырылған «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ электронды банктік қызметтерді ұсыну ережесі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады («www.hcsbk.kz»).

9.2. Терминдер мен анықтамалар

9.2.1. осы бөлімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мен анықтамалар төмендегіні білдіреді:

1) **Шоттың баламалы коды** – Клиентті Интернет-банкинг жүйесінде тіркеу кезіндегі, сондай-ақ Банк терминалдары мен төлеудің баламалы тәсілдері арқылы Банкте ашылған Клиент шотына ақшаны аудару үшін қолданылатын шоттың бірегей коды;

2) **Түпнұсқаландыру** - Қауіпсіздік процедурасы талаптарына сәйкес электронды құжаттың түпнұсқалығын және дұрыс толтырылуын растау;

3) **Клиенттің динамикалық сәйкестендіргіші** – Бір жолғы (бір реттік) кодты пайдалану жолымен электрондық банктік қызметті алуға өзінің құқығын бір мағыналы растау мақсатында клиенттің жеке өзін белгілеу рәсімі;

4) **Байланыс желілері** – Банк айқындаған тәртіпте және талаптарда пайдаланылатын электронды пошта (email), пошта байланысы, Интернет-ресурс, SMS-хабарламалар, телефондар, терминалдар арқылы Клиент пен Банк арасындағы ақпараттарды беру құралы;

5) **Логин** – Интернет-банкинг жүйесіндегі жеке кабинетке кіру кезінде қолданылатын Клиенттің есептік жазбасының атауы (телефон нөмірі);

6) **Телефон нөмірі** - Клиенттің Банкке тікелей жүгінуі кезінде Банктің автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйесіне тіркелген және электронды банктік қызметтерді алу үшін Клиентпен пайдаланылатын Клиенттің мобильді телефонының нөмірі;

7) **Біржолғы (бір реттік) код** – Клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен жасалған және электронды банктік қызметтерге клиенттің қол жеткізуін ұсыну кезінде біржолғы пайдалануға арналған электронды цифрлық символдардың бірегей тізбектілігі;

8) **онлайн шегінім** – Банк Клиенттері арасында тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерден ақылы шегіну бойынша мәмілені жүргізу мүмкіндігін ұсынатын қызмет;

9) **Операция** – Шотта көрсетілуге жататын кез келген Операция (транзакция), Шотқа қолма-қол немесе қолма-қол емес тәсілмен Шотқа ақша салу; Төлемді қайтару; қарызды өтеуге Банктің ақшаны есептен шығару; өтінішке, банктік заем шартына сәйкес, Шоттан есептелінген төлемдерді, комиссияларды және сыйақыларды есептен шығару; Клиенттің шоттарында көрсетілуі тиіс басқа да операциялар;

10) **Пароль** – электронды банктік қызметтерді алу үшін банк жүйесіне кіру құқығын растау үшін жасалатын сандық, әріптік және өзге символдар жиынтығы;

11) **пайдаланушы** – Интернет-банкинг жүйесіне тіркелген Банк Клиенті;

12) **байланыс орталығының бөлімшесі** – клиенттердің қоңырауларын қабылдауды және өңдеуді, Банктің өнімдері мен қызметтері жөнінде ақпараттандыруды және Клиентке ағымдағы қызмет көрсету үшін Банк анықтаған өзге функцияларды жүзеге асыратын Банк бөлімшесі;

13) **тапсырма** – логинмен және құпиясөзбен куәландырылған, Банкке Байланыс желілері бойынша берілген, Банк электронды банктік қызметтерді көрсеткен кезде қолданылатын Банктің Клиенттің банктік шотынан төлемдерді және ақша аударымдарын жүргізгені туралы Клиенттің нұсқаулары;

14) **Қауіпсіздік рәсімдері** – берілген және алынған Электронды құжаттардың мазмұнындағы өзгерістер енгізу және/немесе қате табу және Электронды банктік қызмет алуға оның құқығын анықтау мақсатында Электронды құжаттарды жасаған, берген және алған кезде Клиентті сәйкестендіруге арналған ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарының және ұйымдастыру шараларының кешені;

15) **интернет-банкинг жүйесі** – интернеттің қорғалған байланыс арнасы бойынша электронды банктік қызметтерді ұсынуға мүмкіндік беретін Банктің бағдарламалық кешені (бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса) ("<https://online.hcsbk.kz>");

16) **Терминал** – қолма-қол ақшаны беру (қабылдау) бойынша операцияларды жүргізуге, төлемдерді және ақша аударымдарын, және операциялардың өзге түрлерін жүргізуге, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу дерегін растайтын құжаттарды жасауға арналған электронды-механикалық құрылғы;

17) **Қатысушы** – ақылы негізде тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт бойынша құқықтар мен міндеттерден кері шегінуге немесе оларды қабылдауға өтінім берген Интернет-банкинг жүйесінің Пайдаланушысы;

18) **Есептік жазба** – электронды банктік қызметтерге қол жетімділікті ұсыну мақсатында клиентті сәйкестендіретін клиенттің интернет-банкинг жүйесіндегі тіркеу деректері.

9.2.2. Осы қосымшада көрсетілмеген терминдер мен анықтамалар Ережеде көзделген.

9.3. Негізгі ережелер

9.3.1. Интернет-банкинг жүйесі арқылы Клиентке төмендегі электронды банктік қызметтерді ұсынады, оларды қоса және шектелместен:

1) Банкте ашылған Клиент шоттарының бар екендігі және нөмірлері туралы ақпарат;

2) Клиент шоттарындағы қалдық туралы ақпаратты көрсету;

3) Заем бойынша, салым бойынша ақпаратты көрсету;

4) Банктің әрекет етуші Клиентіне салым ашу;

5) "e-pay" төлем жүйесі (e-pay – барлық халықаралық пластик карталары бойынша онлайн-төлемдерді авторландыру және өңдеу орталығы) арқылы салымдарды толықтыру және заемдарды өтеу мүмкіндігін ұсыну;

6) Онлайн шегінім бойынша операцияларды жүзеге асыру;

(6) тармақша 20.08.2019 жылғы №82 БШ-мен келесі редакцияда баяндалсын)

7) ағымдағы шотты ашу;

8) қарыз бойынша (соның ішінде қарыз бойынша берешек қалдығы туралы), Клиент шот(-тар)ының жай-күйі туралы үзінді көшірмелерді, анықтамаларды ұсыну;

9) Клиенттің жеке арнайы шоты бойынша жүзеге асырылатын аударым операциялары: Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген мақсаттарға арналған төлемдер мен ақша аударымдары бойынша Клиенттің тапсырмаларын орындау.

(20.08.2019 жылғы №82 БШ-мен 9.3.1. тармақ 7),8),9) тармақшаларымен толықтырылды)

9.3.2. Банк қосымша түрде Банк қызметімен байланысқан қызметтерді ұсынады:

- <https://baspana.kz> сайтында мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларға қатысуға өтінім беру;

- әскери қызметкерлерді және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасына қатысу (тұрғын үй төлемдерін алатын әскери қызметкерлерге және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне жататын Банк Клиенттері үшін) <https://askeri.baspana.kz> сайтында.

Жоғарыда көрсетілген бағдарламаларға қатысу <https://baspana.kz>, <https://askeri.baspana.kz> сайттарында жүзеге

асырылады, оларға қол жетімділік Интернет-банкинг жүйесінің пайдаланушыларына ұсынылады.

9.3.3. Банк электронды банктік қызметтерді көрсеткенге дейін көрсетілген электронды банктік қызметтербойынша ақшалай өрнектеудегі тарифтер мөлшері (алынатын комиссиялар) жөніндегі ақпаратты Клиентке ұсынуды қамтамасыз етеді.

Банк Клиенттің шотын тікелей дебеттеу арқылы Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте және мерзімдерде көрсетілген қызметтер үшін комиссияны (тарифті) ұстауға құқылы.

Клиент Шарт бойынша Банк көрсеткен қызметтер үшін комиссиялар (тариф) сомасын, сондай-ақ, Банктің Клиент шотын тікелей дебеттеу арқылы Шарт бойынша Клиенттің нұсқауларын орындауға байланысты Банк келтірген барлық шығындарды Банктің ұстап қалуына Банкке сөзсіз келісімін береді.

9.3.4. Электронды банктік қызметтер және оларды ұсыну тәсілдері Стандартты талаптарда көзделген тәртіпте кез келген уақытта бір жақты тәртіпте Банктің қарауы бойынша өзгертлуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

9.3.5. Интернет-банкинг жүйесі арқылы ұсынылатын электронды банктік қызметтер тізбесін өзгерту жөнінде хабардар ету интернет-ресурсқа («www.hcsbk.kz») ақпаратты орналастыру арқылы жүргізіледі.

9.4. Интернет-банкинг жүйесі арқылы электронды банктік қызметтерді ұсыну тәртібі

9.4.1. Интернет-банкинг жүйесінде электронды банктік қызметтерді ұсыну және оларға қол жетімділікті алу, соның ішінде мобильді қосымшаны пайдаланумен, интернет желісі және өзге Байланыс жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

9.4.2. Интернет-банкинг жүйесі арқылы электронды банктік қызметтерді алу үшін Клиентте төмендегілер болуы тиіс:

- Банкте ашылған шот;
- интернет желіге қол жетімділік;
- Банктің автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйесінде тіркелген Телефон нөміріне сәйкес келетін телефон нөмірі;
- Логин және Пароль.

9.4.3. Интернет-банкинг жүйесіне электронды банктік қызметтерге қол жетімділік қажетті электронды тіркеу нысандарын толтыру арқылы Пайдаланушыны тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Интернет-банкинг жүйесіндегі Клиенттің логині болып оның Телефон нөмірі саналады.

(9.4.3. тармақтың бірінші абзацы БШ-мен 20.08.2019ж. № 82 келесі редакцияда баяндалсын)

Тіркеу барысында жасалған Логин және Пароль Клиенттің Интернет-банкинг жүйесіне Клиенттің қол жеткізуіне арналған есептік жазбасы болып табылады. Тіркеу Клиенттің құрылғы экранындағы тиісті қалқымалы хабарламаны алуынан кейін және Интернет-банкинг жүйесіне қол жетімділікті ұсынған соң аяқталады. Интернет-банкинг жүйесіне тіркеле отырып, осы Шартты орындау мақсатында Клиент Банкке тіркеу барысында Интернет-банкинг жүйесінде көрсетілген өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімін береді. Клиенттің дербес деректерін жинау және өңдеу Банкпен Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жүзеге асырылады.

9.4.4. Клиентті сәйкестендіру клиенттің Интернет-банкинг жүйесінің және/немесе қосымша жүйелердің тиісті электронды терезесінде логин (Телефон нөмірі) және парольді енгізуі арқылы жүргізіледі.

9.4.5. Түпнұсқаландыру клиенттің SMS арқылы Телефон нөміріне жіберілген Біржолғы (бір реттік) кодты енгізуі арқылы жүргізіледі. Біржолғы (бір реттік) кодтың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, клиент жаңа біржолғы (бір реттік) растау кодын сұратуы тиіс.

(9.4.5. тармақ БШ-мен 20.08.2019ж. № 82 келесі редакцияда баяндалсын)

9.4.6. Ақпараттық-банктік қызметтерді алу кезінде операцияларды растау үшін біржолғы (бір реттік) кодты енгізу талап етілмейді. Біржолғы кодты енгізу клиенттің электронды банктік қызметтерді алуға оның құқықтарын растау үшін клиентті сәйкестендіруді білдіреді.

9.4.7. Банк клиентке Интернет-банкинг жүйесінде жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары тарихын көру мүмкіндігін береді.

9.4.8. Интернет-банкинг жүйесінде бір ағымдағы сессия ішінде, Клиенттің шектеу қойылмайтын көлемде Электронды банктік қызмет алуға құқылы. Интернет-банкинг жүйесіне кіргеннен кейін қолжетімділік құрылғысы (компьютер, мобильді телефон, смартфон, планшет, басқа да құрылғылар) 10 (он) минуттан аса әрекетсіз болып қалатын жағдайлардан басқа, Банк бір ағымдағы сессия уақытын шектемейді. Мұндай жағдайда Интернет-банкинг жүйесіндегі ағымдағы сессия және одан шығу автоматты түрде жүзеге асады.

9.4.9. Онлайн шегінім бойынша электронды банктік қызметтер Банкпен Ережеде көрсетілген тәртіпте ұсынылады.

ҚР-ның салықтық заңнамасының талаптарына сәйкес, қатысушы мүліктік табыс түрінде алынған табыс бойынша жеке табыс салығын есептеуді және оны бюджетке төлеуді өз бетінше жүзеге асырады.

9.5. Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттері

9.5.1. Банк:

- 1) Шартта және Ережеде қарастырылған талаптарда Электронды банктік қызмет көрсетуді;
- 2) Егер Шарттың, Ереженің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келсе, Тапсырманы орындауды;

3) Банкке берілген жазбаша тиісті өтінішінде көрсетілген мерзімде Клиентке Электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтатуды (қайта жалғастыруды);

4) Клиент сұраған ақпаратты Телефон нөміріне жіберуді;

5) Интернет-банкинг жүйесінде Шот бойынша рұқсат етілмеген Операциялар фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеу жүрген жағдайда, құқыққорғау органдарымен ынтымақтастық жасау;

6) Электронды банктік қызмет көрсету кезінде банктік құпияны сақтауды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген ақпараттарды жариялау жағдайларын қоспағанда, электронды банктік қызметтерді беру кезінде клиенттен алынған ақпараттарды жарияламауға міндеттенеді.

9.5.2. Банк:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында Операциялар жасау үшін қосымша ақпараттарды және (немесе) құжаттарды Клиенттен сұрауға. Клиент Банкке қосымша ақпараттарды және (немесе) құжаттарды көрсеткенге дейін Интернет-банкинг жүйесінде Операция жасалмайды;

2) Банктік заемға қатысты, соның ішінде төлемдердің мерзімдері мен көлемдері туралы, сондай-ақ Банктің банктік қызметі туралы ақпараттық-жарнамалық сипаттағы мәліметтерге қатысты SMS-хабарламаны Операциялық күннің ішінде өз бастамасы және өз есебінен Клиенттің Телефон нөміріне жіберуге;

3) Клиент Бір рет (бір жолғы) пайдаланылатын кодты бұрыс көрсеткен жағдайда Операция жасаудан бас тартуға;

4) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Транзакциялық-банктік қызмет көрсетуден бас тартуға;

5) Интернет-банкинг жүйесінде интерфейс және техникалық баптауды өзгертуге, соның ішінде өз білгенінше интернет-банкинг жүйесін қорғау тетіктеріне өзгертулер енгізуге;

6) Шарттың 7-тарауында қарастырылған негіздер бойынша Электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе доғаруға;

7) Интернет-банкинг жүйесіне қолжетімділік мақсатында Байланыс арнасын Клиенттің пайдалануына тұрақты немесе уақытша шектеу қоюға, соның ішінде тек қана белгілі бір Байланыс арнасы бойынша мүмкін болатын Операциялардың және Тіркеудің, Электронды банктік қызмет түрлерінің тізбесін шектеуге;

8) Банктің осы арналар бойынша Интернет-банкинг жүйесіне рұқсат етілмеген қолжетімділікке үшінші тұлғалар ұмтылып жатыр, Клиенттің атынан, бірақ оның келісімінсіз Операция жасалынды деп есептеуге негізі болса, Интернет-банкинг жүйесіне бір немесе бірнеше қолжетімділік каналы бойынша Электронды банктік қызметке қолжетімділікті уақытша тоқтатуға немесе шектеу қоюға. Банк Операциялық күн ішінде, негіздерді көрсете отырып, Клиентке Телефонның нөміріне тиісті хабарлама жібереді. Клиенттің өзі Интернет-банкинг жүйесіне кіруге ұмтылғанын Клиенттің өзі растаса, қолжетімділікке шектеу дереу алынып тасталынады.

9) Түпнұсқаландыру немесе Клиентке динамикалық сәйкестендіру сәтсіз болғанда Шот бойынша Операция өткізуден бас тартуға;

10) Үшінші тұлғалардың орындалмаған Шотқа қойған талаптары (төлем талап-тапсырмалары немесе инкассалық өкім) болған кезде Интернет-Банкинг жүйесінде Операцияларды жасаудан бас тартуға. Мұндай жағдайда көрсетілген талаптарды орындау үшін Клиентке Интернет-банкинг жүйесінде тек қана Шот толтыруға рұқсат етіледі.

11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің Операцияларын тоқтата тұруға құқылы.

9.5.3. Клиент:

1) Шартта қарастырылған тәртіпте банк Тарифтерімен бекітілген көлемде Электронды банктік қызметке ақы төлеуді; Электронды банктік қызметтер ақылы болып табылады, олардың мөлшері Банктің уәкілетті органымен бекітілген және Банктің интернет-ресурсына орналастырылған Банк тарифтерінде көрсетілген ("www.hcsbk.kz");

2) Телефон нөмірі және өзге деректері өзгерген жағдайда, Жаңа деректемелерді көрсете отырып, Банктің ішкі құжаттарында бекітілген нысан бойынша Банкке Клиент деректерінің өзгеруіне өтініш тапсыруды;

3) Логин, Пароль және Бір рет пайдаланылатын (біржолғы) код туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді;

4) Интернет-банкинг жүйесіне үшінші тұлғалардың рұқсат етілмеген қолжетімділігіне жол бермеу мақсатында, Клиенттің қалауы бойынша қажет болған жағдайда немесе белгіленген мерзімде Парольді өзгертуді;

5) Электронды банктік қызмет алу кезінде берілген ақпараттың құпиялылығы үшін жауапкершілік көтеруді;

6) SIM-картаны жоғалтқан, ұрлатқан және айырылуын басқа да жағдайларында, сондай-ақ SIM-картаны ауыстырғанда немесе кез келген негіздер бойынша үшінші тұлғаға бергенде, Телефон нөмірін ауыстыру мақсатында Банктің ішкі құжаттарында бекітілген нысан бойынша Клиенттің деректерін өзгертуге өтінішпен Банкке дереу хабарласу керек.

7) Интернет-банкинг жүйесіне (оның жеке кабинетіне) кез келген санкцияланбаған қол жетімділік немесе өзі білетін немесе күдіктенетін санкцияланбаған операция жөнінде Банкті тез арада хабардар етуге.

8) Клиенттің келісімімен немесе Логин, Пароль және Бір рет (біржолғы) пайдаланылатын код туралы ақпаратты Клиент жариялауының салдарынсыз үшінші тұлғалар жасаған Интернет-банкинг жүйесіндегі Операциялар үшін Банкке кінәрат-талап қоймауды міндеттенеді.

9.5.4. Клиент:

1) Шартта және осы Ережеде қарастырылған тәртіпте Электронды банктік қызметті пайдалануға;

2) Тапсырма негізінде жасалған Операциялар туралы қағаз тасымалдағышта Банктен растау алуға;

3) Электронды банктік қызмет беруді тоқтату (Тіркеу жазбасын бұғаттау) туралы Интернет-банкинг Жүйесіне мәлімдеу. Электронды банктік қызмет көрсетуді қайта жалғастыру Банк Филиалында тікелей көрсетілген Клиенттің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады;

- 4) Интернет-банкинг Жүйесінде Парольді өз қалауы бойынша өзгертуге;
- 5) Электронды банктік қызмет алу мәселелері бойынша Банктен кеңес алуға;

6) Ұялы байланыс Операторы арқылы Телефон нөмірін бұғаттауға және Интернет-банкинг Жүйесіндегі Шотқа рұқсат етілмеген қолжетімділіктің анықталғаны (күдік) туралы Банкке кез келген тәсілмен хабар беруге құқылы.

9.6. Тараптардың жауапкершілігі

9.6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Операциялар/Шот бойынша Төлем жасау нәтижесінде түскен ақшаның сақталуы үшін Банк жауапкершілік көтермейді. Қате аударылған қаржы қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіпте қайтарылады. Сонымен қатар, осы Шарт бойынша өз міндеттемесін орындамау және/немесе тиісінше орындамау үшін Клиент алдындағы Банктің жауапкершілігі, Банктің тікелей әдейі жасаған әрекетінен шығын келтірілген жағдайда, Электронды банктік қызмет көрсету нәтижесінде келтірілген нақты зиянның көлемімен шектеледі.

9.6.2. Осы Шарттың және/немесе басқа да банктік қызмет көрсету шарттарының талаптарында және шеңберінде Электронды банктік қызмет көрсету кезінде Клиенттен алынған мәліметтерді жарияламау үшін Банк жауапкершілік көтереді. Сонымен қатар осы тармақ бойынша өз міндеттемесін орындамау және/немесе тиісінше орындамау үшін Клиент алдындағы Банктің жауапкершілігі, тікелей Банктің кінәсінен, әдейі жасалған әрекетінен мұндай зиян келген жағдайда, Клиент Электронды банктік қызметті пайдаланса, Клиенттің Банкке берген ақпаратын Банктің заңға қайшы пайдалануының салдарынан Клиентке келтірілген нақты зиян көлемімен шектеледі.

9.6.3. Клиент Тапсырманың дәлдігі мен толықтығы үшін және олардың Клиенттің шынайы ниетімен сәйкестілігі үшін жауапкершілік көтереді.

9.6.4. Интернет-банкинг жүйесінде Электронды банктік қызметті пайдалану кезінде құжаттарды рәсімдеуде және қате Телефон нөмірін, деректемелерді көрсеткенде, Клиент жіберген қателіктер үшін Банк жауапкершілік көтермейді.

9.6.5. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық талаптарын және Шарт талаптарын Клиенттің бұзуы салдарынан, үшінші тұлғалардың төлемдерін орындаудың кешіктірілуі мен орындалмауы үшін, Клиенттің түсініксіз толық емес және дәл емес нұсқауларының салдарынан туындаған қателер және дұрыс ұғынбай және т.б. үшін, сондай-ақ байланыс желісінің бұзылуы, электр қуатының өшуі нәтижесінде пайда болған Төлемдердің орындалуының кешіктірілуі немесе орындалмауы үшін, Банкке қатыссыз басқа да себеп бойынша, Банк жауапкершілік көтермейді. Банкке қатыссыз себептермен пайда болған және Клиенттік Банк хабарламаларын және Клиенттің шоты бойынша үзіндіні алмауына немесе уақтылы алмауына әкеп соққан Интернет, пошта, байланыс желісі жұмысындағы іркіліс үшін Банк жауапкершілік көтермейді. Банктің Шарттың талаптарын орындамауына әкеп соққан техникалық іркілістер (электр қуатының және байланыс желісінің өшуі/бүлінуі, Банктің Мәліметтер базасының бағдарламалық қамсыздандыруындағы іркілістер, төлем жүйелеріндегі техникалық іркілістер) болған жағдайда, Банк мүліктік жауапкершіліктен босатылады.

9.6.6. Шарт бойынша кез келген міндеттемені Тараптар бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу және шығындар мен шығыстарды өтеу Шарт бойынша тиісті міндеттемелерді тиісінше орындау міндетінен босатпайды.

9.6.7. Форс-мажор туындаған жағдайда немесе табиғи апат, ауыртпалық, қоғамдық тәртіпсіздік және Тараптардың еркінен тыс басқа да себептерден туындаған Электронды банктік қызмет көрсетудегі үзілістер үшін, кез келген бүлінуден және құрылғылардың немесе байланыс жүйелерінің бұзылуынан туындаған зиян немесе шығын қандай болса да, Тараптардың ешқайсысы екінші Тарап алдында жауапкершілік көтермейді. Егер мұндай кез келген жағдай Шартта бекітілген мерзімде міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті жағдай әрекетінің уақытына ұзартылады. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының Форс-мажор жағдайының туындауын растайтын жазбаша куәлігі форс-мажордың дәлелі болады.

9.6.8. Егер Шот, Пароль, Логин, бір рет (біржолғы) пайдаланылатын код немесе Клиент жасаған Операциялар туралы ақпарат Банкке қатысы жоқ себептермен, соның ішінде естіп қою немесе оларды пайдалану кезінде Байланыс арналарын «ұстау» нәтижесінде өзге тұлғаларға белгілі болса, Банк жауапкершілік көтермейді.

9.6.9. Шартта қарастырылған сәйкестендіру және Түпнұсқаландыру құралдарын қолдана отырып, Интернет-банкинг жүйесінде жасалған барлық Операциялар үшін Клиент жауапкершілік көтереді.

9.6.10. Банк мыналар үшін жауапты болмайды:

Клиенттің және/немесе басқа да үшінші тұлғалардың құрылғыларының бұзылуына байланысты Интернет-банкинг жүйесіне Клиенттің қолжетімділік алуындағы қателіктер, оның кешіктірілуі және мүмкін еместігі үшін;

Клиенттің құрылғысының бұзылуы немесе құрылғысында сақтаулы тұрғын ақпараттық бүлінуі үшін, түрлі вирустардан және басқа да бүлінуден Клиенттің жеке компьютері мен бағдарламалық қамсыздандыруының қауіпсіздігі үшін;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіпте уәкілетті орган және/немесе Клиент Операцияларды тоқтатса немесе тыйым салынса, Шотына қатысты Тапсырмалардың орындалмағаны үшін.

9.6.11. Осы Шарттың қолданысы тек қана Банктегі Клиенттің Шотын жүргізуге байланысты. Егер Клиент Банктегі Шотын жапса немесе тиісті шарттардың талаптарына сәйкес Шотты Банк жапса, осы Шарт күшін жоғалтады. Сонымен қатар осы Шарт бойынша Банк алдындағы Клиенттің орындалмаған міндеттемелері Клиент толық орындағанға дейін әрекет ете береді. 9.6.12. Шарт талаптары бұзылған жағдайда, Банк келесі шаралардың бірін қолдануға құқылы:

- 1) Электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) мүлде тоқтату;
- 2) Интернет-банкинг жүйесіне қолжетімділікті бұғаттау;

3) Біржақты тәртіппен Шартты бұзу.

9.7. Интернет-Банкинг жүйесінде Электронды банктік қызметтерді көрсету бойынша шектеулер

9.7.1. Интернет-Банкинг жүйесінде Электрондық банктік қызметтерді көрсету мына жағдайларда тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады:

- 1) ("www.hcsbk.kz") Интернет-ресурсында техникалық жұмыстар жүргізілгенде. Банк сол туралы Интернет-Банкинг жүйесінде осындай жұмыстардың жүргізілетіні туралы жұмыс тоқтатылғанға дейін 30 (отыз) минут бұрын хабарлайды;
- 2) Клиент Шартта қарастырылған Электрондық банктік қызметті көрсету тәртібі мен талаптарын бұзғанда;
- 3) Банктің Электрондық банктік қызметін жабу туралы Клиенттің өтініші бар болғанда;
- 4) Клиентпен жасалған Шарттың талаптарына енгізілген өзгерістерге байланысты, Электронды банктік қызметті көрсету тоқтатылады не тоқтатыла тұрады;

9.7.2. Банк бір жақты тәртіпте Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатуға/тоқтата тұруға құқылы. Бұл жерде Банк ол туралы ("www.hcsbk.kz") Интернетресурсында немесе Интернет-Банкинг жүйесінде тоқтатуға/тоқтата тұруға 30 (отыз) минут қалғанға дейін хабарлама орналастырады.

9.7.3. Электрондық банктік қызметтерді қалпына келтіру ("www.hcsbk.kz") Интернет-ресурсында Банктің хабарлама беруімен және/немесе Интернет-Банкинг жүйесінде қол жетімділік беру арқылы жүзеге асырылады.

9.8. Қауіпсіздік рәсімдері

9.8.1. Қауіпсіздік рәсімдері Клиентті және оның Электрондық банктік қызметтерді алуға құқығын Түпнұсқаландыруға, Клиентке Электрондық банктік қызметтерді алуға негіз болатын Электрондық құжаттардың мазмұнындағы бұрмалаушылықтар және/немесе өзгерістердің бар екендігін анықтауға, банктік құпия болып табылатын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етуге және осы ақпараттың тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

9.8.2. Клиент интернет-банкинг жүйесінің қауіпсіздігіне қатысты клиентке берілетін қауіпсіздік рәсімдерін және кез-келген өзге де нұсқаулықтарды сақтауға келіседі.

9.8.3. Клиент түпнұсқаландыру үшін құрылғылардың қауіпсіздігін және пайдаланылуын орнату, қолдау және ұйымдастыруды тұрақты бақылау үшін, сондай-ақ, оның компьютерінде және коммуникациялық жүйелерінде, ұялы телефонында сақталған ақпараттарды және интернет-банкинг жүйесіне кіру үшін құпиясөзді бақылау үшін толық жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

9.8.4. Электронды банктік қызметтерді көрсеткен кезде қолданылатын қауіпсіздік рәсімдері интернет-ресурста ("www.hcsbk.kz") орналастырылған Ережелерде қарастырылған.

9.9. Шарттың қолданылу мерзімі

9.9.1. Шарт Клиент Шарт талаптарына қосылған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді.

9.9.2. Шарт:

- 1) Кез-келген уақытта Банк пен клиенттің өзара келісімдері бойынша;
- 2) Тараптардың бірі, Шартты бұзған күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы екінші тарапқа (жазбаша хабарлама түрінде) ескерте отырып, Шарттан бас тартқан жағдайда бұзылуы мүмкін. Шарт бұзылған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша бір-бірінің алдындағы бұрын туындаған және тоқтаған міндеттемелерін Шарт бұзылған күнге орындауға және бұзу туралы жазбаша көрсетілген бұзу күнінен кешіктірмей өзара есеп айырысуға міндетті.

9.9.3. Банк пен клиент арасындағы барлық шарттар/келісімдер бұзылған және клиенттің Банктегі соңғы банктік шоттары жабылған жағдайда, соңғы шот жабылған күннен және соңғы шарттар/келісімдер бұзылған күннен бастап осы Шарт бұзылған болып есептеледі. Сонымен қатар, Тараптардың барлық қаржы және өзге де міндеттемелері толық көлемде орындалуы тиіс.

9.10. Дауларды шешу

9.10.1. Даулы жағдайлар туындаған кезде Тараптар келесідей әрекеттерді жүзеге асырады:

1) Клиент жазбаша түрде өтініш жібереді немесе электрондық өтінішін Банктің Интернет-ресурсында қалдырады, 8-8000-801-880 телефоны бойынша Банктің байланыс орталығы бөліміне өтініш жасайды немесе 300 нөміріне ұялы телефоннан мекен-жайын, телефон нөмірін, наразылық мазмұнын және басқа ақпаратты көрсетіп хабарласады;

2) Банк клиенттің өтінішін азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгілеген мерзімде қарайды;

3) Банк клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жазбаша түрде не Банкке жіберген өтінішінде көрсетілген телефон нөмірі бойынша жауап береді.

9.10.2. Банк пен Клиент арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілетін болады. Келіссөздер жолымен даулы мәселелерді реттеу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес Банктің немесе оның филиалының тұрған жері бойынша соттың қарауына өткізіледі.

9.11. Қорытынды ережелер

9.11.1. Осы Шарт Тараптардың толық өзара түсіністігін көрсетеді және олардың арасында клиентке интернет-банкинг жүйесін қолдана отырып, электронды банктік қызметтерін көрсетуге қатысты орын алған алдыңғы жазбаша немесе ауызша келісімдерінің және уағдаластықтарының барлығын алмастырады.

9.11.2. Тараптардың бір-біріне жіберген барлық ескертулерінің және (немесе) хабарламаларының, шартта тікелей қарастырылған жағдайдан басқа жағдайларда, күші бар және егер олар жазбаша түрде құрастырылған, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған және тапсырыс хатпен не курьерлік қызметпен жеткізілген, не Тараптардың шартта көрсетілген мекен-жайына қолма-қол жеткізіліп, алғаны туралы белгісі бар болса, жеткізілген болып саналады.

9.11.3. Шартпен реттелмеген барлық басқа өзара қарым-қатынастар Тараптар арасындағы жеке шартпен және (немесе) қосымша келісімдермен айқындалады.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ
Тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы шартының
Жалпы талаптарына
№1 Қосымша

Сертификат: № 0000000

Берілген күні/Дата выдачи: " __ " _____ ж./г.



000000000000000001

"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-да
тұрғын үй құрылыс жинақтары салымын растайтын

СЕРТИФИКАТ

о наличии вклада жилищных строительных сбережений
в АО "Жилстройсбербанк Казахстана"

Осы құжат "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-да тұрғын үй құрылыс жинақтары салымының ашылғанын растайды. / Настоящий документ является подтверждением наличия вклада жилищных строительных сбережений в АО "Жилстройсбербанк Казахстана".

САЛЫМШЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР:

ТАӘ: _____

ЖСН: 000 000 000 000

Құпиясыз: 00000000

ӨКІЛІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР:

ТАӘ: _____

ЖСН: 000 000 000 000

Куәландыратын құжат: туу туралы куәлік

ТҚЖ САЛЫМЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР:

ТҚЖ Шартының жасалған күні: _____ ж.

ТҚЖ Шартының нөмірі: 000000000000

Шоттың балама коды: 00000000000000000000

Шот нөмірі: KZ000000000000000000

Шарттық сома: _____ тг.

Ұсынылатын ай сайынғы төлем: _____ тг.

Тарифтік бағдарлама, жинақ мерзімі: Бастау, _____ ай

Тұрғын үй заемын алу үшін жинақ ақшаның ең төменгі қажетті

мөлшері: _____ тг.

Тұрғын үй заемын алу үшін бағалау көрсеткішінің ең төменгі

мәні (БК): _____

ТҚЖ Салымы бойынша сыйақы мөлшерлемесі: _____ %

ТҚЖ Салымы бойынша сыйақының тиімді мөлшерлемесі:

_____ %

Тұрғын үй заем бойынша сыйақы мөлшерлемесі: _____ %

Тұрғын үй заемнесие мерзімі: _____ жылға

Заемы бойынша сыйақының тиімді мөлшерлемесі: _____ %

СВЕДЕНИЯ О ВКЛАДЧИКЕ:

ФИО: _____

ИИН: 000 000 000 000

Кодовое слово: 00000000

СВЕДЕНИЯ О ПРЕДСТАВИТЕЛЕ:

ФИО: _____

ИИН: 000 000 000 000

Основание: свидетельство о рождении

СВЕДЕНИЯ О ВКЛАДЕ ЖСС:

Дата Договора ЖСС: _____ г.

Номер Договора ЖСС: 000000000000

Альтернативный код счета: 00000000000000000000

Номер счета: KZ000000000000000000

Договорная сумма: _____ тг.

Рекомендуемый ежемесячный платеж: _____ тг.

Тарифная программа, срок накопления: _____ мес.

Минимально необходимый размер накопленных денег для

получения жилищного займа: _____ тг.

Минимальное значение оценочного показателя для

получения жилищного займа (ОП): _____

Ставка вознаграждения по Вкладу ЖСС: _____ %

Эффективная ставка вознаграждения по Вкладу ЖСС: _____ %

Ставка вознаграждения по жилищному займу: _____ %

Срок жилищного займа: _____ лет

Эффективная ставка вознаграждения по займу: _____ %

Комиссиялық алымды төлеу және Салымға жарнаны жүргізу банкомат арқылы, бөлімшелер/кассалар, интернет-банкинг, төлем терминалдары, egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады. Сіз салым жарнасы туралы және комиссиялық алымға төлемдер туралы толық ақпаратты www.hcsbk.kz интернет-сайтынан таба аласыз.

Оплата комиссионного сбора и произведение взносов во вклад осуществляются посредством банкоматов, отделений/касс, интернет – банкинг, платежных терминалов, портала электронного правительства egov.kz. Более подробную информацию о взносах во вклад и оплате комиссионного сбора Вы можете найти на интернет-сайте www.hcsbk.kz.

Салым жарнасын және комиссиялық алым төлемін енгізу үшін Банк агентіне (кеңес берушісіне) қолма-қол ақшамен төлем ЖАСАУҒА БОЛМАЙДЫ!

Оплата наличными деньгами агенту (консультанту) Банка взносов во вклад и оплаты комиссионного сбора НЕ ДОПУСКАЕТСЯ!

Кеңес берушінің/Банк қызметкерінің Т.А.Ә./ФИО Консультанта/сотрудника Банка: _____

Банктің электронды сандық қолы қойылды/Подписано электронной цифровой подписью Банка: _____

Сертификаттың түпнұсқалылығын Банктің төлем терминалы арқылы штрих код бойынша тексере аласыз. / Подлинность сертификата можете проверить в платежном терминале Банка по штрих коду.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ
Тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы шартының
Жалпы талаптарына
№2 Қосымша

№ "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ міндеттерін жүзеге асыруға қажет және
р/с жеткілікті дербес деректер тізбесі

**Перечень
персональных данных, необходимых и достаточных для осуществления задач
АО "Жилстройсбербанк Казахстана"**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (оның ішінде бұрынғылары)/ Фамилия, имя, отчество (в т.ч. прежние)
2. Тегін, атын және әкесінің атын ауыстыру туралы мәлімет/ Сведения о смене фамилии, имени и отчества
3. Туу туралы деректер/ Данные о рождении
4. Ұлты/ Национальность
5. Жынысы/Пол
6. Тұратын мекенжайы/ Адрес места жительства
7. Тіркелген мекенжайы, тұратын жері немесе келген жері бойынша тіркелген кезі/ Адрес регистрации, дата регистрации по месту жительства или по месту пребывания
8. Субъектінің бейнесі, оның ішінде электрондық түрде (фотосурет, бейнежазба)/ Изображение субъекта, в т.ч. в электронном виде (фотография, видеозапись)
9. Қолтаңбасы/ Подпись
10. Байланыс телефондарының нөмірлері /Номера контактных телефонов
11. Электрондық мекенжай/ Электронный адрес
12. Жеке басты куәландыратын құжат деректері/ Данные документа, удостоверяющего личность
13. Отбасы жағдайы мен отбасы құрамы туралы мәліметтер/ Сведения о семейном положении и составе семьи
14. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), ӘЖК/ Индивидуальный идентификационный номер (ИИН), СИК
15. Бала асырап алу туралы деректер/Данные об усыновлении ребенка
16. Әкесі екенін белгілеу туралы деректер/ Данные об установлении отцовства
17. Азаматтық туралы деректер/ Данные о гражданстве
18. Білімі, біліктілігі туралы және арнайы білімінің немесе арнайы дайындығының болуы туралы мәліметтер/ Сведения об образовании, квалификации и о наличии специальных знаний или специальной подготовки
19. Еңбек қызметі туралы деректер/ Данные о трудовой деятельности
20. Кіріс туралы мәліметтер/ Сведения о доходах
21. Міндетті зейнетақы төлемдері туралы мәліметтер/ Сведения об обязательных пенсионных отчислениях
22. Мүлік туралы мәліметтер/ Сведения об имуществе
23. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар, шектеулер туралы мәліметтер/ Сведения о зарегистрированных правах, обременениях на недвижимое имущество
24. Сақтандыру туралы деректер/ Данные о страховании
25. Денсаулық жағдайы туралы мәліметтер/ Сведения о состоянии здоровья
26. Соттылықтың болуы/болмауы туралы мәліметтер/ Сведения о наличии/отсутствии судимости
27. Әскери есепке алу туралы мәліметтер/ Сведения о воинском учете
28. Әлеуметтік жеңілдіктер/жәрдемақылар туралы, әлеуметтік мәртебе туралы мәліметтер/ Сведения о социальных льготах/пособиях, о социальном статусе
29. Берешектің, орындалмаған міндеттемелердің, шектеулердің, тыйым салулардың, сот талқыларының болуы/болмауы туралы ақпарат/ Информация о наличии/отсутствии задолженности, неисполненных обязательств, обременений, запрещений, судебных разбирательств
30. Әкімшілік заң бұзушылықтар туралы мәліметтер/Сведения об административных правонарушениях